

Қазақстан Республикасы мен Германия Федеративтік Республикасы арасындағы Табыс пен мүлікке салынатын салыққа қатысты қосарланған салықты болдырмау туралы келісімді бекіту жөнінде

Қазақстан Республикасының Заңы 1998 жылғы 9 қараша N 295-І

Боннда 1997 жылғы 26 қарашада қол қойылған Қазақстан Республикасы мен Германия Федеративтік Республикасы арасындағы Табыс пен мүлік салықтарына қатысты қосарланған салықты болдырмау туралы келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасы мен
Германия Федеративтік Республикасының
арасындағы

Табыс пен мүлік салықтарына
қатысты қосарланған салықты
болдырмау туралы
Келісім

(ҚР халықаралық шарттары бюллетені, 1999 ж., N 6, 97-құжат)
(1998 жылғы 21 желтоқсанда күшіне енді - "Дипломатия жаршысы" ж.,
Арнайы шығарылым N 2, 2000 жылғы қыркүйек, 70 бет)

Қазақстан Республикасы мен Германия Федеративтік Республикасы
салық бөгеттерін жою жолымен экономикалық байланыстарды дамытуға
ұмтылуды басшылыққа ала отырып,
мынаған келісті:

1-Бап
Келісім қолданылатын тұлғалар

Осы Келісім Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінің немесе екеуінің де резиденттері болып табылатын тұлғаларға қолданылады.

2-Бап

Келісім қамтитын салықтар

1. Осы Келісім Уағдаласушы Мемлекеттің, Жерлердің немесе саяси-әкімшілік бөлімшелердің немесе олардың жергілікті өкімет органы атынан алынатын табыс мен мүлікке салынатын салықтарға, оларды алу тәсіліне тәуелсіз қолданылады.

2. Табыс пен мүлік салығы деп табыстың жалпы сомасынан, капиталдың жалпы сомасынан немесе табыс пен мүліктің жекелеген элементтерінен алынатын салық есептеледі, оған жылжитын немесе жылжымайтын мүлікті айырудан түсетін табыс салығы, кәсіпорын төлейтін жалақы мен ырыздықаның жалпы сомасына салық пен мүлік өсімінен

түсетін табыс салығы да енеді.

3. Осы Келісімге қатысты қолданылып жүрген салықтар, атап айтқанда, мыналар болып табылады:

а) Қазақстан Республикасында:

заңды және жеке тұлғалардың табыстарына салынатын салықтар,

заңды және жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салық, жер қойнауын

пайдаланушылардың шектен тыс пайдасына салық,

(бұдан әрі "Қазақстан салығы" деп аталады);

б) Германия Федеративтік Республикасында:

оларға үстеме алымдарды қоса есептегенде

табыс салығы,

корпоративті салық,

мүлік салығы және

кәсіпшілік салығы,

(бұдан әрі "Германия салығы" деп аталады).

4. Келісім сондай-ақ, Келісімге қол қойылған күннен кейін, қолданыстағы салықтарға қосымша немесе солардың орнына алынатын кез-келген бірдей немесе іс жүзінде соларға ұқсас салықтарға да қолданылады. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзырлы органдары олардың қолданылып жүрген салық заңдарына енгізілген елеулі өзгерістер жайында бір-бірін хабардар етіп отырады.

3-Бап

Жалпы ережелер

1. Егер контекстен басқа мағына тумаса, осы Келісімнің мақсаттары үшін:

а) терминдер:

аа) "Қазақстан" Қазақстан Республикасын білдіреді және географиялық мағынада қолданғанда халықаралық құқыққа сәйкес Қазақстан белгілі бір мақсаттар үшін егемендік құқықтары мен юрисдикциясын жүзеге асыра алатын және Қазақстанның салық заңдары қолданылатын аумақты қамтиды;

bb) "Германия Федеративтік Республикасы" Германия Федеративтік республикасының аумағын, сондай-ақ Германия Федеративтік республикасы халықаралық құқыққа және ұлттық құқықтық актілеріне сәйкес табиғат ресурстарын зерттеу және игеру мақсатында егемендік құқықтарын және юрисдикциясын жүзеге асыратын, аумақтық теңізге жиектес теңіз түбі зонасын, оның астыңғы қабатын және оның үстіндегі су қабатын білдіреді;

b) "тұлға" термині жеке адамды және компанияны білдіреді;

c) "компания" термині салық салу мақсаттары үшін корпоративтік құрылым ретінде қарастырылатын кез-келген корпоративті құрылымды немесе кез-келген құқықтық субъектіні білдіреді;

d) "Уағдаласушы Мемлекет" және "басқа Уағдаласушы Мемлекет" терминдері контексте байланысты Қазақстан Республикасын немесе Германия Федеративтік Республикасын білдіреді;

e) "Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны" және "басқа Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны" терминдері тиісінше Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті басқаратын кәсіпорынды немесе басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті басқаратын кәсіпорынды білдіреді;

f) "халықаралық тасымал" термині теңіз немесе әуе кемесі тек қана басқа Уағдаласушы Мемлекеттің ішіндегі пункттер арасында пайдаланылатын жағдайлардан басқа кезде Уағдаласушы Мемлекетте нақты басшылығы бар кәсіпорны пайдаланатын теңіз немесе әуе кемесінің кез-келген тасымалын білдіреді;

g) "ұлттық тұлға" термині:

аа) Қазақстан Республикасы жайлы

Қазақстан Республикасының азаматтығын алған кез-келген жеке адамды және өздерінің осындай мәртебесін Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдары негізінде алған кез-келген заңды тұлғаны, әріптестік пен ассоциацияны

білдіреді;

bb) Германия Федеративтік Республикасы жайлы

Германия Федеративтік Республикасының Негізгі Заңының түсінігіндегі кез-келген неміс және өздерінің осындай мәртебесін Германия Федеративтік Республикасының қолданылып жүрген заңдары негізінде алған кез-келген заңды тұлғаны, әріптестік пен ассоциацияны білдіреді;

h) "құзырлы орган" термині:

aa) Қазақстан Республикасы жағдайында Қаржы министрлігін немесе оның өкілетті уәкілін;

bb) Германия Федеративтік Республикасы жағдайында Федералдық қаржы министрлігін немесе ол өзінің өкілеттігін берген органды білдіреді;

2. Уағдаласушы Мемлекет Келісімді кез-келген уақытта қолданғанда онда айқындалмаған кез-келген термин, салықтарына Келісім қолданылатын осы Мемлекеттің заңдары бойынша, егер контекстен басқа мағына шықпаса, осы уақытта қандай мағынада болса, сондай мағынаға ие болады.

4-Бап

Резидент

1. Осы Келісімнің мақсаттары үшін "Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті" термині осы Мемлекеттің заңдары бойынша онда өзінің тұрғылықты жеріне, резиденттігіне, басқару орнына құрылған орнына немесе осындай сипаттағы кез-келген басқа өлшемге байланысты салық салынатын кез-келген тұлғаны білдіреді. Термин сондай-ақ осы Мемлекетті, Жерді және саяси-әкімшілік бөлімшелерді немесе олардың жергілікті өкімет органын қамтиды. Алайда бұл термин тек осы Мемлекеттегі көздерден алынатын табысқа қатысты немесе сонда орналасқан капиталға қатысты осы Мемлекетте салық салынуға тиіс кез- келген тұлғаны қамтымайды.

2. Жоғарыда келтірілген 1-тармақтың ережелеріне сәйкес жеке тұлға Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінің де резиденті болған жағдайда оның мәртебесі былай айқындалады:

a) ол өзінің қарамағына жататын орнықты тұрағы бар Мемлекеттің резиденті болып есептеледі; егер оның Мемлекеттердің екеуінде де өзінің қарамағына жататын тұрағы болса, ол неғұрлым тығыз экономикалық байланысы (өмірлік мүдделер орталығы) бар Мемлекеттің резиденті болып есептеледі;

b) егер оның өмірлік мүдделері ортақ Мемлекетті айқындау мүмкін болмаса немесе оның Мемлекеттердің бірде-біреуінде өзінің қарамағына жататын орнықты тұрағы болмаса, ол өзі әдетте тұрып жатқан Мемлекеттің резиденті болып есептеледі;

c) егер, ол әдетте Мемлекеттердің екеуінде де тұратын болса

немесе олардың біреуінде де тұралмаса, ол өзі ұлттық тұлға болып табылатын Мемлекеттің резиденті болып есептеледі;

d) егер ол екі Мемлекеттің де ұлттық тұлғасы болса немесе біреуінің де тұлғасы болмаса, Уағдаласушы Мемлекеттердің құзырлы органдары мәселені өзара келісе отырып шешеді.

3. Егер жоғарыда келтірілген 1 тармақтың ережелері бойынша компания Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінің де резиденті болса, онда ол өзінің басшылығы нақты орналасқан тұрған Мемлекеттің резиденті болып саналады.

5-Бап Тұрақты мекеме

1. Осы Келісімнің мақсаттары үшін "тұрақты мекеме" термині сол арқылы кәсіпорынның кәсіпкерлік қызметі толық немесе ішінара жүзеге асырылатын тұрақты қызмет орнын білдіреді.

2. "Тұрақты мекеме" термині, атап айтқанда, мыналарды қамтиды:

- a) басқару орны;
- b) бөлімше;
- c) кеңсе;
- d) фабрика;
- e) шеберхана; және
- f) шахта, мұнай немесе газ скважинасы, карьер немесе табиғи ресурстар өндірілетін кез-келген басқа орын.

3. "Тұрақты мекеме" термині сондай-ақ мыналарды қамтиды:

- a) құрылыс алаңын немесе құрылыс немесе монтаждау немесе құрастыру объектісін , егер осындай алаң немесе объект 12 айдан астам уақыт бойы жұмыс істеп тұрса; және
- b) табиғи ресурстарды барлау үшін пайдаланылатын қондырғыны немесе ғимаратты немесе осы жұмыстардың орындалуын бақылауға байланысты қызметтерді немесе табиғи ресурстарды барлау үшін пайдаланылатын бұрғылау қондырғысын немесе кемені, егер тек осылай пайдалану 12 айдан астам уақытқа созылса, немесе осындай қызметтер 12 айдан астам уақыт көрсетілсе;

4. Осы Баптың мұның алдындағы ережелеріне қарамастан, "тұрақты мекеме" термині қарастырылады, бірақ мыналарды қамтымайды:

- a) ғимараттарды кәсіпорынға тиесілі тауарларды немесе бұйымдарды сақтау,

көрсету немесе жіберіп тұру мақсаттары үшін ғана пайдалануды;

б) кәсіпорынға тиесілі тауарлар немесе бұйымдар қорын сақтау, көрсету немесе жіберіп тұру мақсаттары үшін ғана ұстауды;

с) кәсіпорынға тиесілі тауарлар немесе бұйымдар қорын тек басқа бір кәсіпорынның өңдеу мақсаттары үшін ғана ұстауды;

д) тұрақты қызмет орнын кәсіпорын үшін тауарлар немесе бұйымдар сатып алу мақсаттары үшін ғана немесе кәсіпорын үшін ақпарат жинау үшін ғана ұстауды;

е) тұрақты қызмет орнын кәсіпорын үшін дайындық немесе көмекші сипаттағы кез-келген басқа бір қызметті жүзеге асыру мақсаттары үшін ғана ұстауды;

ф) тұрақты қызмет орнының қызмет түрлерінің кез-келген амалы нәтижесінде пайда болатын жиынтық қызметі дайындық немесе көмекші сипатта болған жағдайда, тұрақты қызмет орнын а) тармақшасынан

е) тармақшасына дейін көрсетілген қызмет түрлерінің осындай амалын жүзеге асыру үшін ғана ұстауды.

5. Осы Баптың 1 және 2 тармақтарының ережелеріне қарамастан, төменде келтірілген 6 тармақ қолданылатын тәуелсіз мәртебесі бар агенттен өзге тұлға кәсіпорынның атынан әрекет етсе және Уағдаласушы Мемлекетте кәсіпорынның атынан келісім шарттар жасасуға өкілеттігі болса және, әдетте, оны пайдаланып жүрсе, егер мұндай тұлғаның қызметі тұрақты қызмет орны арқылы жүзеге асырылған күннің өзінде осы тұрақты қызмет орнын жоғарыда келтірілген 4 тармақтың ережелеріне сәйкес тұрақты мекемеге айналдырмайтын осы бапта көрсетілген қызметпен шектелмесе, онда бұл кәсіпорынның осы тұлға кәсіпорын үшін атқаратын кез-келген қызметке қатысты осы Мемлекетте тұрақты мекемесі бар деп қарастырылады.

6. Кәсіпорын Уағдаласушы Мемлекетте делдал, комисионер немесе тәуелсіз мәртебесі бар басқа агент арқылы кәсіпкерлік қызметпен айналысқаны үшін ғана, мұндай адамдар өздерінің әдеттегі қызметі шеңберінде әрекет еткен жағдайда, осы Мемлекетте тұрақты мекемесі бар кәсіпорын ретінде саналмайды.

7. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның басқа Уағдаласушы мемлекеттің резиденті болып табылатын немесе осы басқа Мемлекетте кәсіпкерлік қызметпен айналысатын (тұрақты мекеме арқылы немесе басқадай жолмен) компанияны бақылауы немесе соның бақылауында болуы осы компаниялардың бірін өздігінен екіншісінің тұрақты мекемесіне айналдыра алмайды.

6-Бап

Жылжымайтын мүліктен алынатын табыс

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резидентінің басқа Уағдаласушы мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүліктен (соның ішінде ауыл шаруашылығынан немесе орман шаруашылығынан) алған табысына осы басқа Мемлекетте салық салынуы

мүмкін.

2. "Жылжымайтын мүлік" термині қаралып отырған мүлік орналасқан Уағдаласушы Мемлекеттің заңдары бойынша қандай мағынаға ие болса, сондай мағынаға ие болады. Термин кез-келген жағдайда жылжымайтын мүлікке қатысты қосалқы мүлікті, ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығында пайдаланылатын мал мен құрал-жабдықты, жер меншігіне қатысты жалпы құқық ережелері қолданылатын құқықтарды, жылжымайтын мүліктің узуфруктысын және минералдық ресурстарды, кен көздерін және басқа да табиғи қазбаларды игергені немесе игеру құқығы үшін өтемақы ретінде төленетін өзгермелі немесе тұрақты төлемдер құқығын қамтиды; теңіз және әуе кемелері жылжымайтын мүлік ретінде қарастырылмайды.

3. 1 тармақтың ережелері жылжымайтын мүлікті тікелей пайдаланудан, жалға беруден немесе жылжымайтын мүлікті оны қандай да болсын басқа жолмен пайдаланудан алынған табыстарға қолданылады.

4. Жоғарыда келтірілген 1 және 3 тармақтардың ережелері сондай-ақ кәсіпорынның жылжымайтын мүлкінен табысқа және тәуелсіз жеке қызмет көрсету үшін пайдаланылатын жылжымайтын мүліктен түскен табысқа қолданылады.

7-Бап

Кәсіпкерлік қызметтен алынатын пайда

1. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан тұрақты мекеме арқылы онда кәсіпкерлік қызметпен айналыспаса, кәсіпорынның пайдасына тек осы Мемлекетте ғана салық салынады. Егер кәсіпорын жоғарыда аталған кәсіпкерлік қызметпен айналысып жүрсе, кәсіпорынның пайдасына, бірақ оның осы тұрақты мекемеге қатысты бөлігіне ғана, басқа мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. 3-тармақтың ережелерін ескере отырып, Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны басқа Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметпен айналысса, онда ол осындай немесе осыған ұқсас жағдайларда нақ осындай немесе осыған ұқсас қызметпен айналысатын және өзі тұрақты мекемесі болып табылатын кәсіпорыннан толық тәуелсіз әрекет ететін жеке және дербес кәсіпорын ретінде алуы мүмкін пайдасы әрбір Уағдаласушы мемлекетте осы тұрақты мекемеге жатқызылады.

3. Тұрақты мекеменің пайдасын айқындау кезінде тұрақты мекеменің мақсаттары үшін жұмсалған шығындарды, соның ішінде басқару және жалпыәкімшілік шығындарын, олардың тұрақты мекеме орналасқан Уағдаласушы Мемлекетте немесе басқа жерде жұмсалғанынан қарамастан, шегеріп тастауға болады.

4. Осы тұрақты мекеменің кәсіпорны үшін тауарлар немесе бұйымдар сатып алу негізінде тұрақты мекемеге қандай да болмасын пайда есептелмейді.

5. Мұның алдындағы тармақтардың мақсаттары үшін тұрақты мекемеге қатысты пайда, егер тек мұндай тәртіпті өзгерту үшін жеткілікті және дәлелді себептер болмаса ғана, жылма-жыл бірдей тәсілмен анықталады.

6. Осы бап әріптестікке қатысудан алынған табысқа да қолданылады. Бап әріптестік қатысқан әріптестік қызметі үшін және несие бергені үшін немесе мүліктік құндылықтарды тапсырғаны үшін әріптес алған сыйақыға да қолданылады, егер осындай сыйақы тұрақты мекеме орналасқан Уағдаласушы Мемлекеттің заңдары бойынша осы тұрақты мекемеден әріптес алған табысқа жататын болса.

7. Егер пайда осы Келісімнің басқа Баптарында бөлек айтылған табыстарды қамтыған жағдайда бұл баптардың ережелерін осы баптың ережелері қозғамайды.

8-Бап

Теңіз және әуе көлігі

1. Теңіз немесе әуе кемелерін халықаралық тасымалда пайдаланудан алған пайдаға кәсіпорынның нақты басшылығының орны орналасқан Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

2. Осы Баптың мақсаттары үшін теңіз немесе әуе кемелерін халықаралық тасымалда пайдаланудан алған пайда сондай-ақ қамтиды:

а) бос теңіз немесе әуе кемелерін жалдаудан алған табысты; және

б) тауарларды және бұйымдарды тасымалдау үшін пайдаланатын контейнерлерді (контейнерлерді тасымалдаумен байланысты трейлерді және жабдықтарды қоса) пайдаланудан, қызмет көрсетуден немесе жалдаудан алынған табысты;

егер осындай жалдау немесе осындай пайдалану, қызмет көрсету немесе жалдау, жағдайларға байланысты, теңіз немесе әуе кемелерін халықаралық тасымалда пайдаланумен қатарлас болса.

3. Егер теңіздің кемелік кәсіпорынның нақты басқару органы теңіз

кемесінде орныққан болса, онда ол теңіз кемесі тіркелген порт болатын сол Уағдаласушы Мемлекетте, ал осындай порттың жоқтығында - теңіз кемесін пайдаланатын тұлға резиденті болып саналатын Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан деп есептеледі.

4. 1-тармақтың ережелері, сондай-ақ тұлға, бірлескен қызметке немесе көлік құралдарын пайдалану жөніндегі халықаралық ұйымға қатысудағы пайдаға қолданылады.

9-Бап

Ассоциацияланған кәсіпорындар

1. Мына жағдайларда:

а) Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны басқа Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнының басқаруына, бақылауына немесе капиталына тікелей немесе жанама түрде қатысқанда; немесе

б) бір ғана тұлғалар Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны мен басқа Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнынның басқаруына, бақылауына немесе капиталына тікелей немесе жанама түрде қатысқанда,

және осы жағдайда екі кәсіпорын арасындағы коммерциялық және қаржы қатынастарына тәуелсіз кәсіпорындар арасында жасалуы мүмкін жағдайлардан өзгеше жағдайлар жасалса немесе орнықса, онда олардың біреуіне есептелуі мүмкін, бірақ осы жағдайлардың болуына байланысты оған есептелмеген кез-келген пайда осы кәсіпорынның пайдасына енгізіліп, оған тиісінше салық салынуы мүмкін.

2. Уағдаласушы Мемлекет басқа Уағдаласушы Мемлекет кәсіпорнының осы басқа Мемлекетте салық салынатын пайдасын осы Мемлекет кәсіпорынның пайдасына қосып, тиісінше салық салса және осылайша қосылған пайда екі кәсіпорынның арасында қалыптасқан жағдайлар тәуелсіз екі кәсіпорын арасындағыдай болған жағдайда бірінші аталған Мемлекеттің кәсіпорнына есептелуі мүмкін пайда болса, онда осы басқа Мемлекет осы пайдадан алынатын салық сомасына, егер осы Мемлекет түзетулерді орынды деп қарастырса, тиісті түзетулер енгізуі тиіс. Мұндай түзетуді айқындау кезінде осы Келісімнің басқа ережелері тиісті дәрежеде ескерілуі тиіс, ал Уағдаласушы Мемлекеттердің құзырлы органдары қажет болған жағдайда бір-бірімен ақылдасып отырады.

10-Бап Дивидендтер

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төлейтін дивидендтеріне осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда мұндай дивидендтерге дивидендтер төлейтін компания резиденті болып отырған Уағдаласушы Мемлекетте осы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынуы мүмкін, бірақ, егер дивидендтердің нақты иесі басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болса, алынатын салық мыналардан аспайды:

а) егер дивидендтер төлейтін компания капиталының кемінде 25 процентін тікелей иеленіп отырған компания (әріптестіктен басқа) дивидендтердің нақты иесі болса,

оның жалпы сомасының 5 процентінен;

б) қалған жағдайлардың барлығында дивидендтердің жалпы сомасының 15 процентінен;

Бұл тармақтың компанияның дивидендтер төленіп отырған пайдасына салық салуға қатысы жоқ.

3. Жоғарыда келтірілген 1 және 2 тармақтардың ережелеріне қарамастан, пайдаға қатысу құқығын немесе қарыз талабынан алынған (Германия Федеративтік Республикасында белсенді емес әріптестік осындай қатысуынан немесе "partiarishes Darlehen" немесе "Gewinnobligationen" табыс, қоса алғанда), қарызкердің пайдасын анықтағанда алып тасталатын табысқа, осы Мемлекеттің заңдарына сәйкес, ол пайда болған Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

4. "Дивидендтер" термині осы Бапта пайдаланғанда акциялардан, "жуиссанс" акциялардан немесе "жуиссанс" құқықтардан, тау акцияларынан, құрылтайшылардың акцияларынан салынатын табысты немесе пайданы бөлетін компания резиденті болатын Мемлекеттің заңдарына сәйкес, акцияға табыс сияқты салықтық реттеуге жататын басқа табысты білдіреді. Сондай-ақ, термин, "дивидендтер" белсенді емес әріптестің ("stiller Gesselschafter"), оның осындай қатысуынан немесе "partiarishes Darlehen", "Gewinnobligationen" алынатын табысты немесе ұқсас төлемдерді және инвестициялық қорларды немесе инвестициялық трастарды сертификатпен бөлуді білдіреді.

5. Егер дивидендтердің нақты иесі Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті бола отырып, дивидендтер төлейтін компания резиденті болып табылатын басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметпен айналысса немесе осы басқа Мемлекетте орналасқан тұрақты база және холдингтен тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе және төленіп жүрген дивидендтерге байланысты қатысуы арқылы шын мәнінде осындай тұрақты мекемемен немесе осындай тұрақты базамен байланысты болса. 1 және 2 тармақтардың ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда ретіне қарай 7 Баптың немесе 14 Баптың ережелері қолданылады.

6. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып отырған компания басқа Уағдаласушы Мемлекеттен пайда немесе табыс алса, егер мұндай дивидендтер осы басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін жағдайды қоспағанда, немесе оған байланысты дивидендтер төленетін қатысуы шынында осы басқа Мемлекетте орналасқан тұрақты мекемеге немесе тұрақты базаға жатса, компания төлейтін дивидендтерге осы басқа Мемлекет салық сала алмайды, тіпті, егер дивидендтер төленіп жатса да немесе бөлінбеген пайда толық немесе толық емес осы басқа Мемлекетте алынған табыстан құралса да, компанияның бөлінбеген пайдасына бөлінбеген пайдаға салық салығын салмау керек.

7. Егер, осындай қосымша салық бұрынғы салық салынатын жылдары мұндай қосымша салық салынбаған осы пайда сомасының 5%-тінен аспаса, бұл Келісімде

ештеме де Уағдаласушы Мемлекетке осы Мемлекеттің тұрақты мекемесіне жататын компанияның пайдасына осы Мемлекеттің ұлттық тұлғасы болып отырған компанияның пайдасынан алынатын салыққа қосымша салық салуға бөгет ретінде түсінілмейді. Осы тараптың мақсаттары үшін пайда, осы тармақта айтылған, тұрақты мекеме орналасқан Уағдаласушы Мемлекетте алынатын және осындай пайданың 50% сомаға азайтылған қосымша салықтан өзге барлық салықтарды шығарғаннан кейін анықталады.

11-Бап Проценттер

1. Уағдаласушы Мемлекетте пайда болатын және басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін проценттерге осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда, мұндай проценттерге олар пайда болатын Мемлекетте және осы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынуы мүмкін, бірақ, егер проценттердің нақты иесі екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болса, онда осылайша алынатын салық проценттердің жалпы сомасының 10 процентінен аспайтын болады.

3. Жоғарыда көрсетілген 2-тармақтың ережелеріне қарамастан,

а) Германия Федеративтік Республикасында пайда болатын және Қазақстан Республикасының Үкіметіне, Қазақстанның Ұлттық Банкісіне, Қазақстанның Экспорттық-Импорттық Банкісіне немесе Уағдаласушы Мемлекеттердің құзырлы арасында мезгіл-мезгіл келісілуі мүмкін кез-келген ұқсас ұйымға төленетін проценттер Германия салығынан босатылады;

б) Қазақстан Республикасында пайда болатын және Германия Федеративтік Республикасының Үкіметіне, Дойче Бундесбанкке, Германияны қалпына келтіру Несие ұйымына (Kreditanstalt für Wiederaufbau) немесе дамушы елдерге қатысушы Немістің қаржы компаниясына төленетін проценттер және "Гермес" сақтандырушы компаниясы кепілдік берген займдарға төленетін проценттер қазақстандық салықтан босатылады;

с) Уағдаласушы Мемлекетте пайда болатын проценттерге алушы проценттердің нақты иесі болып табылатын және егер осындай проценттер төленіп тұратын тек басқа Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады:

аа) кез-келген өнеркәсіптік, коммерциялық немесе ғылыми жабдықты несиеге сатуға байланысты, немесе ғылыми жабдықты несиеге байланысты, немесе

bb) кез-келген тауарларды бір кәсіпорынның басқа кәсіпорынға несиеге сатуына байланысты.

4. "Проценттер" термині осы Бапта пайдаланғанда ипотекалық кепілмен қамтамасыз етілген немесе қамтамасыз етілмеген кез-келген түрдегі борыш талаптарынан алынған табысты және, атап айтқанда, үкіметтің бағалы қағаздарынан алынған табыс пен облигациялардан немесе борыш міндеттемелерінен алынған табысты, соның ішінде

осы бағалы қағаздар, облигациялар немесе борыш міндеттемелері бойынша алынған сыйақылар мен ұтыстарды білдіреді. Уақытында төленбеген төлемдер үшін айыппұлдар осы Баптың мақсаттары үшін проценттер ретінде қарастырылмайды. Алайда, "проценттер" термині 10-Бапта қаралған табысты қамтымайды.

5. Егер проценттердің нақты иесі Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті бола отырып, проценттер пайда болатын басқа Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметпен айналысса немесе осы басқа Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты базадан тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе, ал төленетін проценттерге қатысты борыш міндеттемесі шын мәнінде осындай тұрақты мекемеге немесе тұрақты базаға қатысты болса, жоғарыда көрсетілген 1, 2 және 3 тармақтардың ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда ретіне қарай 7-Баптың немесе 14-Баптың ережелері қолданылады.

6. Егер төлеуші осы Мемлекеттің өзі, Жерлер, саяси-әкімшілік бөлімшелері немесе жергілікті өкімет органы немесе осы Мемлекеттің резиденті болса, проценттер Уағдаласушы Мемлекетте пайда болған деп есептеледі. Алайда, егер проценттер төлеуші тұлға Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті ме, жоқ па - осыған қарамастан - Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемесі немесе тұрақты базасы болса, соларға байланысты проценттер төленетін қарыз туындаса және мұндай проценттерді осы тұрақты мекеме немесе тұрақты база төлейтін болса, онда проценттер тұрақты мекеме немесе тұрақты база орналасқан мемлекетте пайда болған деп есептеледі.

7. Егер проценттер төлеуші мен оның нақты иесі арасындағы арнайы қатынастардың себебіне немесе сол екеуі мен қандай да болсын басқа бір тұлға арасындағы арнайы қатынастарға байланысты борыш талабына қатысты және соның негізінде төленетін проценттер сомасы осындай қатынастар болмай тұрғанда проценттер төлеуші мен олардың нақты иесі арасында келісілуі мүмкін сомадан асып кетсе, онда осы Баптың ережелері тек соңғы аталған сомаға ғана қолданылады. Бұл жағдайда төлемнің басы артық бөлігіне осы Келісімнің басқа ережелерін тиісінше ескере отырып, әрбір Уағдаласушы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынады.

12-Бап

Роялти

1. Уағдаласушы Мемлекетте пайда болатын және басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін роялтиге осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда, мұндай роялтиге сондай-ақ ол пайда болатын Уағдаласушы Мемлекетте де осы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынуы мүмкін, бірақ егер роялти алушы оның нақты иесі болса, онда осылайша алынатын салық роялтидің жалпы сомасының 10 процентінен аспауы тиіс.

3. "Роялти" термині осы Бапта пайдаланғанда әдебиет, өнер немесе ғылыми

шығармаларға берілетін авторлық құқықтың кез-келгенін пайдаланғанға немесе ұсынғанға, соның ішінде кинематографиялық фильмдерге, кез-келген патентке, сауда маркасына, дизайнға немесе үлгіге, жоспарға, құпия формулаға немесе процеске, немесе өнеркәсіптік, коммерциялық немесе ғылыми жабдықтарды пайдаланғаны үшін төлемдер, сондай-ақ пайдалану құқығы үшін, немесе өнеркәсіптік, коммерциялық немесе ғылыми тәжірибеге қатысты ақпарат үшін сыйақы ретінде алынатын кез-келген төлем түрін білдіреді.

4. Егер роялтидің нақты иесі Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті бола отырып, роялти пайда болған басқа Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметпен айналысса немесе осы басқа Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты базадан тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе және төленетін роялтиге қатысты құқық немесе мүліктік құндылықтар шын мәнінде осындай тұрақты мекемемен немесе тұрақты базамен байланысты болса, 1 және 2 тармақтың ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда ретіне қарай 7-баптың немесе 14-Баптың ережелері қолданылады.

5. Егер төлеуші осы Мемлекеттің өзі, Жерлер, саяси-әкімшілік бөлімшелер, жергілікті өкімет органы немесе осы Мемлекеттің резиденті болса, роялти Уағдаласушы Мемлекетте пайда болған деп есептеледі. Алайда, егер роялти төлеуші тұлға Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті ме, жоқ па - осыған қарамастан Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемесі немесе тұрақты базасы болса, соларға байланысты роялти төлеу міндеттемесі туындаса және мұндай роялти осы тұрақты мекеме немесе тұрақты базаға байланысты болса, онда мұндай роялти тұрақты мекеме немесе осы тұрақты база орналасқан Мемлекетте пайда болған деп есептеледі.

6. Роялти төлеуші мен оның нақты иесі арасында немесе сол екеуі мен қандай да болсын басқа бір тұлға арасында арнайы қатынастар болуына байланысты пайдалануға, құқыққа немесе ақпаратқа қатысты төленетін роялтидің сомасы осындай қатынастар болмай тұрғанда роялти төлеуші мен оның нақты иесі арасында келісіле алатындай сомадан асып кеткен жағдайда, осы Баптың ережелері тек соңғы аталған сомаға ғана қолданылады. Бұл жағдайда төлемнің басы артық бөлігіне осы Келісімнің басқа ережелерін тиісінше ескере отырып, әрбір Уағдаласушы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынады.

13-Бап

Мүлік құнының өсімінен алынатын табыстар

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резидентінің басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан жылжымалы мүлікті шеттетуден алынатын табыстарына осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Активтері, негізінен, Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан жылжымайтын

мүліктен тұратын компанияда акцияларды және ұқсас құқықтарды шеттетуден алынған табыстарға осы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

3. Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны басқа Уағдаласушы Мемлекетте иеленіп отырған тұрақты мекеменің кәсіпкерлік мүлкінің бір бөлігін құрайтын жылжымалы мүлікті шеттетуден немесе тәуелсіз жеке қызметтер көрсету мақсаттары үшін Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті басқа Уағдаласушы Мемлекетте иеленіп отырған тұрақты базаға қатысты жылжымалы мүліктен алынатын табыстарға, соның ішінде осындай тұрақты мекемені (жеке өзін немесе бүкіл кәсіпорынмен қоса) немесе осындай тұрақты базаны шеттетуден алынатын осындай табыстарға осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

4. Кәсіпорнының халықаралық тасымалда пайдаланатын теңіз немесе әуе кемелерін немесе осындай теңіз немесе әуе кемелерін пайдалануға қатысты жылжымалы мүлікті шеттетуден алған табыстарына кәсіпорынның нақты басшылығы орналасқан тек Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

5. Жоғарыда көрсетілген 1 ден 4-ші тармақтарда ескертілгендерден өзге кез-келген мүлікті шеттетуден алынатын табыстарға мүлікті шеттетуші тұлға резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

14-Бап

Тәуелсіз жеке қызметтер

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті кәсіптік қызметтерге немесе тәуелсіз сипаттағы басқа қызметке қатысты алатын табысқа тек осы Мемлекетте салық салынады, егер оның осындай қызметін іске асыру мақсаттары үшін басқа Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты негіздегі тұрақты базасы жоқ болса. Егер оның осындай тұрақты базасы бар болса, табысқа, бірақ, табыстың осы тұрақты базаға қатысты бөлігіне ғана басқа Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын жеке тұлға тиісті салық жылында басталатын немесе аяқталатын кез келген 12 айлық кезеңде ретімен келген 12 айда жалпы ұзақтығы 183 күннен асатын кезең немесе кезеңдер бойы осы басқа Уағдаласушы Мемлекетте болса, оның осы басқа Мемлекетте оған тұрақты негізде қолайлы тұрақты базасы бар деп есептеледі және оның айналысқан қызметінен осы басқа Мемлекетте алынған табыс осы тұрақты базаға жатады. Мұндай жағдайда, қызмет көрсетуге жататын табысқа тұрақты мекемеге жататын пайданың сомасын анықтау үшін 7-Баптағы принциптерге сәйкес осы басқа мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. "Кәсіптік қызметтер" термині, атап айтқанда, тәуелсіз ғылыми, әдеби, артистік, білім беру немесе оқытушылық қызметтерді, сондай-ақ дәрігерлердің, заңгерлердің, инженерлердің, сәулетшілердің, тіс дәрігерлерінің және бухгалтерлік іс саласындағы

сарапшылардың тәуелсіз қызметтерін қамтиды.

15-Бап

Тәуелді жеке қызметтер

1. 16 дан 19 ережелерін ескере отырып, Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті жалдамалы жұмысқа байланысты алған ырзықақыға, жалақыға және басқа да осындай сыйақыларға, егер тек осындай жалдамалы жұмыс басқа Уағдаласушы Мемлекетте атқарылмаса, осы Мемлекетте ғана салық салынады. Егер жалдамалы жұмыс осылайша атқарылған болса, ол жақтан алынған осындай сыйақыға осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. 1 тармақтың ережелеріне қарамастан, басқа Уағдаласушы Мемлекетте атқарылатын жолдау бойынша жұмысқа байланысты Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті алған сыйақыға тек алғашқы аталған Мемлекетте ғана салық салынады, егер:

а) сыйақы алушы тиісті салық жылында басталатын немесе аяқталатын кез-келген реттегі 12 айлық созылған кезеңде жалпы ұзақтығы 183 күннен аспайтын кезең немесе кезеңдер бойы басқа Мемлекетте тұрып жатса, және

б) сыйақыны басқа Мемлекеттің резиденті болып табылмайтын жұмыс беруші төлесе немесе ол жұмыс берушінің атына төленсе, және

с) сыйақыны жұмыс берушінің басқа Мемлекетте ие болып отырған тұрақты мекемесі немесе тұрақты базасы төлемесе.

3. Жоғарыда келтірілген 2-тармақтың ережелері жұмысшы күшін кәсіпкерлікпен берудің шеңберіндегі жұмыс үшін сыйақыға қолданылмайды.

4. Осы Баптың осының алдындағы ережелеріне қарамастан халықаралық тасымалда пайдаланылатын теңіз немесе әуе кемесінің бортында атқарылатын жалдамалы жұмысқа қатысты алынған сыйақыға теңіз және әуе кемесін пайдаланатын кәсіпорынның нақты басшылығының орны болатын Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

5. Уағдаласушы Мемлекетте денсаулықты және кәрілікті сақтандыру жүйесіне тәуелді қызметтер көрсететін жеке тұлға үшін өткізілген жарнамалар, басқа Уағдаласушы Мемлекетте құрылған және салық салу мақсаттарына танылған, бірінші айтылған Мемлекетте осылайша қаралады және сондай шарттар мен тегергіштерге байланысты, денсаулықты және кәрілікті сақтандыру жүйесіне өткізілген, бірінші айтылған Мемлекетте салық салу мақсаттарына танылған жарнамалар ретінде қаралады, егер:

а) осы Мемлекеттің резиденті болмаған жеке тұлға осы Мемлекетте өзінің еңбек қызметі нақты басталмай тұрып денсаулықты және кәрілікті сақтандыру жүйесіне жарнамалар төлесе; және

б) осы Мемлекеттің құзырлы органдары денсаулықты және кәрілікті сақтандыру

жүйелерін осы Мемлекеттің салық салу мақсаттары үшін осы қалпында қабылдаған, жалпы сәйкес жүйелер деп мойындаса.

Осы тармақтың мақсаттары үшін:

а) "денсаулықты сақтау жүйелері" термині жеке қызметтер көрсететін жеке тұлға және оның қарауындағыларға ауруларына байланысты оның қарауындағылардың тәуелді қызмет көрсетуді уақытша тоқтатқан жағдайда жәрдемақы алуға құқық беретін кез-келген шартты білдіреді.

б) "кәрілікті сақтандыру жүйесі" термині осы тармақта сөз болып отырған тәуелсіз жеке қызметке байланысты төленетін, зейнетақылық жәрдемақы қамтамасыз ету мақсатымен жеке тұлға қатысатын кез-келген шартты білдіреді;

с) денсаулық және кәрілік жүйелері, егер осы жүйелерге өткізілген жарнамалар, осы Мемлекетте салықтан босатуды беру жағдайларына сәйкес болса, Мемлекетте салық салу мақсаттарына мойындалады.

16-Бап

Директорлардың сыйақылары

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның директорлар кеңесінің немесе соған ұқсас органының мүшесі ретінде алатын директорлар сыйақыларына және басқа да осындай төлемдерге осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. 15-Баптың ережелеріне қарамастан, Уағдаласушы Мемлекеттің резидентінің басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып отырған компанияның атқарушы директоры немесе басқарма мүшесі ретінде алатын төлемдеріне осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

17-Бап

Артистер мен спортшылар

1. 7, 14 және 15 Баптардың ережелеріне қарамастан, Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті театр, кино, радио немесе теледидар артисі немесе сазгер секілді орындаушы - артист ретінде немесе спортшы ретінде өзінің басқа Уағдаласушы Мемлекетте айналысатын жеке қызметінен алатын табысқа осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Егер орындаушы - артистің немесе спортшының өзінің осы тұрпатында атқаратын жеке қызметіне қатысты табысы орындаушы - артистің немесе спортшының өзіне емес, басқа адамға есептелсе, онда осы табысқа 7, 14 және 15 Баптардың ережелеріне қарамастан, орындаушы - артистің немесе спортшының қызметі жүзеге асырылған Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

3. Алайда, мұндай табысқа жоғарыда көрсетілген 1-тармақта айтылған Мемлекетте салық салынбайды, егер негізгі қызмет басқа Мемлекеттің резиденті осы Мемлекетке келген уақытта жүргізілсе және бұл келуді толық немесе жартысынан кем емес осы басқа Мемлекет Жерлер, саяси-әкімшілік бөлімшелер немесе олардың жергілікті өкімет органдары немесе осы басқа мемлекетте қайырымдылық ұйым ретінде танылған ұйым қаржыландырса. Бұл жағдайда, мұндай табысқа резиденті артисі немесе спортшы болатын Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

18-Бап

Зейнетақылар, аннуитеттер және ұқсас төлемдер

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін зейнетақыларға және ұқсас төлемдерге немесе аннуитеттерге тек осы Мемлекетте салық салынады.

2. Жоғарыда келтірілген 1-тармақтың ережелеріне қарамастан, Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын жеке тұлғаның басқа Уағдаласушы Мемлекетте міндетті әлеуметтік сақтандырудың қорларынан алған төлемдеріне тек осы Мемлекетте салық салынады.

3. Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінің немесе оның саяси-әкімшілік бөлімшелерінің басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын тұлғаға соғыстың немесе саяси қудалаудың немесе әскери немесе азаматтық қызметтің (өтемақы төлемдерін қоса алғанда) себептерінен болған зиян үшін қайталанатын немесе бір мәртелік төлемдеріне тек бірінші айтылған Мемлекетте салық салынады.

4. "Аннуитет" термині ақшамен немесе ақшаға шаққандағы баламалы және толық өтемақының орнына осындай төлемдер қабылданған міндеттемеге сәйкес бүкіл өмір бойы немесе айқындалған немесе белгіленетін кезеңге белгіленген уақытта мерзімді төленіп тұратын белгіленген соманы білдіреді.

5. Уағдаласушы Мемлекеттің резидентінің басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төлеген күтім төлемдері осы басқа Мемлекетте салықтан босатылады. Егер, бірінші айтылған Мемлекетте төлеушінің салық салынатын табысын есептегенде мұндай күтім төлемдері шығарылып тасталса, бұл ереже қолданылмайды.

19-бап

Мемлекеттік қызмет

1. Уағдаласушы Мемлекеттің, Жердің саяси-әкімшілік бөлімшелер немесе жергілікті өкімет органдарының немесе өзге Заңды тұлғаның осы Мемлекеттің қоғамдық құқықтарына сәйкес, кез-келген жеке тұлғаға осы Мемлекетке, Жерге, саяси-әкімшілік бөлшектерге немесе олардың жергілікті өкімет органдарына немесе өзге Заңды тұлғаның қоғамдық құқықтарға сәйкес, көрсетіп отырған қызметіне

байланысты төленіп отырған зейнетақыдан өзгеше сыйақыларға тек осы Мемлекетте салық салынады. Алайда, егер қызмет осы Мемлекетте жүргізілсе және жеке тұлға осы Мемлекеттің резиденті болса мұндай сыйақыға салық тек басқа Уағдаласушы Мемлекетте салынады және:

- а) осы Мемлекеттің ұлттық тұлғасы болса; немесе
- б) қызметін іске асыру үшін ғана осы Мемлекеттің азаматы болса.

2. а) Уағдаласушы Мемлекет, Жер саяси-әкімшілік бөлімшелер немесе жергілікті өкімет органы немесе олар құрған қорлардан жеке тұлғаға осы Мемлекет, Жер, бөлімшелер немесе өкімет органы үшін жүзеге асыратын қызметіне төленетін кез-келген зейнетақыға осы Мемлекетте ғана салық салынады;

б) Алайда, егер жеке тұлға осы Мемлекеттің резиденті және ұлттық тұлғасы болса, мұндай зейнетақыға тек басқа Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

3. 15, 16 және 18-Баптардың ережелері Уағдаласушы Мемлекет, оның Жерлері, саяси-әкімшілік бөлімшелері немесе олардың жергілікті өкімет органдары немесе өзге Заңды тұлға айналысатын кәсіпкерлік қызметке байланысты көрсетілетін қызметке қатысты сыйақыға және зейнетақыға, осы Мемлекеттің қоғамдық құқықтарына сәйкес, қолданылады.

4. Жоғарыда көрсетілген 1-тармақтың ережелері, осылайша, Уағдаласушы Мемлекеттің, оның Жерлерінің, саяси-әкімшілік бөлімшелерінің немесе олардың жергілікті өкімет органдарының дамуға ықпал жасау программасына сәйкес тек осы Мемлекет, Жер, саяси- әкімшілік бөлімше немесе жергілікті өкімет органы бөлген қорлардан басқа Уағдаласушы Мемлекетке осы басқа Мемлекеттің Келісімімен Жіберілген маманға немесе еріктіге төленген сыйақыға қолданылады.

5. 1-тармақ, сондай-ақ Гете атындағы институт немесе оның атынан - құзырлы органдардың арасындағы үйлестіруден кейін - Германия Федеративтік Республикасының ұқсас институттары төлеген төлемдерге қолданылады. Егер Германия Федеративтік Республикасында бұл төлемдерге салық салынбаса, 15-Бап қолданылады.

20-Бап

Оқытушылар, мұғалімдер және студенттер

1. Уағдаласушы Мемлекетке осы Мемлекеттің немесе колледждің, мектептің, мұражайдың немесе осы мемлекеттің басқа мәдени мекемесінің шақыруымен немесе мәдени алмасудың ресми программасы бойынша осындай мекемелерде тек қана сабақ беру, лекция оқу немесе зерттеу жүргізу мақсаттарымен екі жылдан аспайтын мерзімге келген және нақты осы сапарға дейін басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып тұрған немесе болған және тұлға өзінің осындай қызметі үшін алатын төлемдер, егер, мұндай төлемдерді ол осы Мемлекеттен тыс көздерден алған болса, бірінші аталған

Мемлекетте салық салудан босатылады.

2. Уағдаласушы Мемлекетке келердің нақ алдында басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын немесе болған және бірінші аталған мемлекетте тек қана оқу немесе білім алу мақсатында тұрып жатқан, кәсіпкерлік оқудағы студент, практикант немесе тұлға өзінің тұру, оқу және білім алуы үшін алатын төлемдерге, егер, мұндай төлемдерді осы Мемлекеттен тыс көздерден алған болса, осы мемлекетте салық салынбайды.

21-Бап

Басқа табыстар

1. Осы Келісімнің мұның алдындағы Баптарында қаралмаған, Уағдаласушы Мемлекеттің резидентінің табыстарына олар қайда пайда болса да тек осы басқа Мемлекетте ғана салық салынады.

2. Жылжымайтын мүліктен алынатын табыстан өзге табысқа, егер мұндай табысты алушы Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті бола отырып, басқа Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметпен айналысса немесе осы басқа Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты базадан тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе және төленіп отырған табысқа қатысы бар құқық немесе мүлік шын мәнінде осындай тұрақты мекемеге немесе осындай тұрақты базаға қатысты болса, 1 тармақтың ережелері қолданылмайды. Бұл жағдайда ретіне қарай 7 Баптың немесе 14 Баптың ережелері қолданылады.

22-Бап

Мүлік

1. Жылжымайтын мүлік түрінде ұсынылған, Уағдаласушы Мемлекет резидентінің меншігі болып табылатын және басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан мүлікке осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны басқа Уағдаласушы Мемлекетте иеленіп отырған тұрақты мекеменің кәсіпкерлік мүлкінің бір бөлігін құрайтын жылжымалы мүлік немесе тәуелсіз жеке қызметтер көрсету мақсаттары үшін Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті басқа Уағдаласушы Мемлекетте қарамағында ұстап отырған тұрақты базаға қатысты жылжымалы мүлік түрінде ұсынылған мүлікке осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

3. Халықаралық тасымалда пайдаланатын теңіз және әуе кемелері түрінде және осындай теңіз және әуе кемелерін пайдалануға қатысты жылжымалы мүлік түрінде ұсынылған мүлікке кәсіпорынның нақты басшылығы орналасқан Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

4. Уағдаласушы Мемлекет резиденті мүлкінің барлық басқа элементтеріне осы Мемлекетте ғана салық салынады.

23-Бап

Резиденттік мемлекетте қосарланған салық салуды жою

1. Қазақстан резиденті жағдайында салық төмендегідей анықталады:

а) Егер Қазақстанның резиденті осы Келісімнің ережелеріне сәйкес Германия Федеративтік Республикасында салық салынуы мүмкін табыс алса немесе мүлікті иеленсе, Қазақстан:

аа) осы резиденттің табысына салынатын салықтан Германия Федеративтік Республикасында төленген табыс салығына тең соманы шегеріп тастауға;

bb) осы резиденттің мүлкіне салынатын салықтан германия Федеративтік Республикасында төленген мүлікке салынатын салыққа тең соманы шегеріп тастауға; рұқсат береді.

Жоғарыда келтірілген ережелерге сәйкес шегерілетін салық сомасы Қазақстандағы сондай табысқа ондағы қолданылатын ставкалар бойынша салынуы мүмкін салықтан аспауға керек.

б) Егер Қазақстанның резиденті осы Келісімнің ережелеріне сәйкес тек Германия Федеративтік Республикасында ғана салық салынатын табыс алса немесе мүлікті иеленсе, Қазақстан осы табысты немесе мүлікті салық салу базасына, бірақ Қазақстанда салық салынатын осындай басқа табысқа немесе басқа мүлікке салынатын салық ставкасын айқындау мақсаттары үшін ғана енгізе алады.

2. Германия Федеративтік Республикасының резиденті болған жағдайда салық төмендегідей анықталады:

а) Егер б) тармақшасына сәйкес шетелдік салық есептемесіне рұқсат болмаса, онда герман салығын есептеудің негізінен осы Келісімге сәйкес Қазақстанда салық салынуы мүмкін және жоғарыда келтірілген б) тармақшасында қарастырылмаған, Қазақстанда пайда болатын табыстың кез-келген бабы және Қазақстанда орналасқан капиталдың кез-келген бабы шығарылады. Бірақ Германия Федеративтік Республикасы өзінің салық мөлшерін анықтағанда осылайша босатылған табыстың және капиталдың баптарын есепке алу құқығын сақтап қалады. Табыс баптарын дивидендтерден болған жағдайда алдыңғы ереже тек қана Қазақстанның резиденті болып саналатын, неміс компаниясы оның капиталының кем дегенде 10 процентін тура иеленген және осы дивидендтерді бөлуші компанияның пайдасын анықтағанда шегерілмеген компанияның Германия Федеративтік Республикасының резиденті болып саналатын компанияға (әріптестік қоспағанда) төленетін дивидендтерге қолданылады.

Алдыңғы ұсынысқа сәйкес, егер дивидендтері төленетін болса салық салудан босатылатын акцияларға кез-келген иелік капиталға салықтарды салу есептемесінің

негізінен шығарылады.

b) Қазақстан заңдары бойынша және осы Келісімге сәйкес төленген, Қазақстан салық табысының төмендегі статьяларына байланысты төленетін шетел салығын есепке алуға қатысты немістің салық заңдарының ережелері бойынша немістің табыс салығын есепке алуға болады:

aa) жоғарыда келтірілген а)-тармақшасында қарастырылмаған дивидендтер;

bb) проценттер;

cc) роялти;

dd) 13-баптың 2-тармағына сәйкес Қазақстанда салық салынуы мүмкін табыс баптары;

ee) 15-Баптың 4-тармағына сәйкес Қазақстанда салық салынуы мүмкін табыс баптары;

ff) директорлардың сыйақылары;

gg) артистер және спортшылар табысының баптары.

c) Жоғарыда келтірілген b)-тармақшасының ережелері жоғарыда келтірілген а)-тармақшасының ережелерінің орнына табыс баптарына қолданылады, 7 және 10-Баптарда анықталғандай, тұрақты мекеменің кәсіпкерлік мүлкін шеттетуден алынған пайдаға және пайда алынған активтерге, егер Германия Федеративтік Республикасының резиденті тұрақты мекеменің жалпы табысы пайда алынған жылдағы кәсіпкерлік қызметтен екенін дәлелдей алмаса немесе сыртқы салық қатынастары туралы Неміс Заңының (Aussensteuergesetz) 8-бөлімінің 1-тармағының 1-6 ұстанымының мәні шегінен аспайтын ерекше немесе ерекшеге жақын қызметтен алынған кәсіпкерлік қызмет жыл бойы дивидендтер төлеген, Қазақстандағы резидент-компанияға немесе осы Заңның 8-бөлімінің 2-тармағының мәні шегінен аспайтын қатысудан; осы ереже тұрақты мекеме пайдаланатын жылжымайтын мүлікке (6-Бап, 3-тармақ) және осындай жылжымайтын мүлікті шеттетуден алынған пайдаға (13-Бап, 1-тармақ) және тұрақты мекеменің кәсіпкерлік мүлкінің бөлігі болып отырған жылжымайтын мүлікке қолданылады (13-Бап, 3-тармақ).

d) Жоғарыда келтірілген а)-тармақшасының ережелеріне қарамастан қосарланған салық салу, жоғарыда келтірілген b)-тармақшасында ескерілгендей, салықты есепке алу жолымен жойылады:

aa) егер Уағдаласушы Мемлекетте табыстың немесе капиталдың статьялары Келісімнің басқа ережелерімен қарастырылса немесе басқа тұлғаларға жатқызылса (9-Бапқа жататындарын қоспағанда) және бұл талас 25-Баптың 3-тармақшасында қарастырылған тәртіп жолымен шешілмейтін болса және оның орнын немесе басқа тұлғаға жататын анықтаудағы осы таластың нәтижесінде сол табысқа немесе капиталға салық салынбаса немесе салынған салық мөлшері төмен болса немесе

bb) егер Уағдаласушы Мемлекет өзінің ішкі заңдарының шектеуі бойынша және пікір алысқаннан кейін дипломатиялық жолмен басқа Уағдаласушы Мемлекетке өзінің

осы тармақтың ережелерін қолданғысы келетін басқа табыс туралы хабарласа, Хабарлаушы Мемлекеттің ішкі заңдары бойынша хабардың күшке кіруі үшін қажет құқықтық талаптар орындалғанша және осы хабар берілген жылдан кейінгі күнтізбегі жылдың бірінші күніне дейін мұндай хабардың күші болмайды.

24-Бап Кемсітпеу

1. Уағдаласушы Мемлекеттің ұлттық тұлғалары әсіресе резиденттікке қатысты нақ осындай жағдайларда осы басқа Мемлекеттің ұлттық тұлғалары ұшырайтын немесе ұшырауы мүмкін салық салуға және соған байланысты міндеттемелерге қарағанда өзгеше немесе анағұрлым ауыртпалықты кез-келген салық салуға немесе соған байланысты кез-келген талап қоюға ұшырамайтын болады. Бұл ереже сондай-ақ, 1 Баптың ережелеріне қарамастан, Уағдаласушы Мемлекеттің біреуінің де, екеуінің де резиденттері болып табылмайтын тұлғаларға да қолданылады.

2. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденттері болып табылатын азаматтығы жоқ тұлғалар нақ осындай жағдайларда тиісті Мемлекеттің ұлттық тұлғалары ұшырайтын немесе ұшырауы мүмкін салық салуға немесе соған байланысты міндеттемелерге қарағанда өзгеше немесе анағұрлым ауыртпалықты салық салуға немесе соған байланысты кез-келген міндеттемеге Уағдаласушы Мемлекеттердің ешқайсысында да ұшырамауы тиіс.

3. Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны басқа Уағдаласушы Мемлекетте ие болып отырған тұрақты мекемеге салық салу нақ осындай қызметпен айналысатын осы басқа Мемлекеттің кәсіпорындарына салық салуға қарағанда осы басқа Мемлекетте қолайсыздау болмайды. Осы ереже Уағдаласушы Мемлекетті басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне салық салу мақсаттары үшін өзінің төл резиденттеріне қандай да бір жеке жеңілдіктер, салықтан босатулар мен кемітулер беруге міндеттейтіндей болып пайымдалмайды.

4. 9 Баптың 1 тармағының, 11 Баптың 7 тармағының, 12 Баптың 6 тармағының ережелері қолданылатын жағдайларды қоспағанда, Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төлейтін проценттер, роялти және басқа төлемдер осындай кәсіпорынның салық салынатын пайдасын айқындау мақсатында олар бірінші аталған Мемлекеттің резидентіне қалай төленсе, нақ сондай жағдайларда шегеріліп тасталуы тиіс. Осы секілді, Уағдаласушы Мемлекет кәсіпорнының басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне қарызы осы кәсіпорынның салық салынатын капиталын айқындау мақсатында олар бірінші аталған Мемлекеттің резидентінен қалай шегерілсе, нақ сондай жағдайларда шегеріліп тасталуы тиіс.

5. Капиталы басқа Уағдаласушы Мемлекеттің бір немесе бірнеше резиденттеріне толық немесе ішінара тиесілі немесе олар тікелей немесе жанама түрде бақылап

отырған Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорындары бірінші аталған Мемлекеттің осындай кәсіпорындары ұшырайтын немесе ұшырауы мүмкін салық салуға және соған байланысты міндеттемелерге қарағанда өзгеше немесе анағұрлым ауыртпалықты салық салуға немесе соған байланысты талап қоюға бірінші аталған Мемлекетте ұшырамауға тиіс.

6. Осы Баптың ережелері, 2 Баптың ережелеріне қарамастан, кез-келген түрдегі және сипаттағы салықтарға қолданылады.

25-Бап

Өзара келісу рәсімі

1. Егер тұлға Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінің немесе екеуінің де іс-әрекеттері оған осы Келісімнің ережелеріне сәйкес келмейтін салық салуға душар етіп отыр немесе душар етеді деп есептесе, ол, осы Мемлекеттердің ішкі заңдарында көзделген қорғану құралдарына қарамастан, өзінің ісін өзі резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекеттің немесе, егер оның жағдайына 25 Баптың 1 тармағы қолданылатын болса, өзі азаматы болып табылатын Уағдаласушы Мемлекеттің құзырлы органдарының қарауына бере алады. Арыз Келісімнің ережелеріне сәйкес емес салық салуға душар еткен іс-әрекеттер туралы алғашқы хабар тиген күннен бастап үш жыл ішінде берілуге тиіс.

2. Құзырлы орган, егер ол талапты орынды деп есептесе және өзі қанағаттанарлық шешімге келе алмаса, Келісімге сәйкес келмейтін салық салуды болғызбау мақсатында мәселені басқа Уағдаласушы Мемлекеттің құзырлы органымен өзара келісе отырып шешуге ұмтылады. Қол жеткен кез-келген уағдаластық Уағдаласушы Мемлекеттердің ішкі заңдарында бар қандай да болсын уақыт шектеулеріне қарамастан орындалуға тиіс.

3. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзырлы органдары Келісімді пайымдау немесе қолдану кезінде туындайтын кез-келген қиындықтарды немесе күдіктерді өзара келісе отырып шешуге ұмтылады. Олар сондай-ақ Келісімде ескерілмеген жағдайларда қосарланған салық салуды жою үшін бір-бірімен ақылдаса алады.

4. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзырлы органдары немесе олардың өкілдері осының алдындағы тармақтарды ұғысуда келісімге қол жеткізу мақсатында бір-бірімен тікелей байланыс жасай алады. Егер келісімге жету үшін ауызша пікір алуды ұйымдастыру дұрыс болса, мұндай пікір алысу Уағдаласушы Мемлекеттер құзырлы органдарының өкілдерінен тұратын комиссия шеңберінде болуы мүмкін.

26-Бап

Ақпарат алмасу

1. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзырлы органдары осы Келісімнің ережелерін немесе салық салу Келісімге қайшы келмейтіндей дәрежеде Келісім қолданылатын салықтарға қатысты Уағдаласушы Мемлекеттің ішкі заңдарын орындау үшін қажетті ақпарат алысып тұрады. Ақпарат алысу 1 Баппен шектеліп қалмайды. Уағдаласушы Мемлекет алатын кез-келген ақпарат осы Мемлекеттің ішкі заңдарының шеңберінде алынған ақпарат секілді құпия болып есептеледі және Келісім қолданылатын салықтарды белгілеумен немесе оларды жинаумен, күштеп өндіріп алумен немесе сот арқылы қудалаумен немесе осы салықтарға байланысты шағымдарды қараумен айналысатын адамдарға немесе органдарға ғана (соның ішінде соттар мен әкімшілік органдарына) жария етіледі. Мұндай тұлғалар немесе органдар ақпаратты тек осындай мақсаттар үшін ғана пайдаланады. Олар бұл ақпаратты ашық сот мәжілісі барысында немесе сот шешімдерін қабылдаған кезде хабарлай алады.

2. 1 тармақтың ережелері ешбір жағдайда Уағдаласушы Мемлекеттерге міндеттеме жүктейтіндей пайымдалмауы тиіс.

а) осы немесе басқа Уағдаласушы Мемлекеттің заңдары мен әкімшілік практикасына қайшы келетін әкімшілік шараларын жүргізу;

б) осы немесе басқа Уағдаласушы Мемлекеттің заңдары бойынша немесе әдеттегі әкімшілік практикасы барысында алуға болмайтын ақпарат беру;

с) қандай да болсын сауда, кәсіпкерлік, өнеркәсіптік, коммерциялық немесе кәсіптік құпияны немесе сауда процесін, немесе ашылуы мемлекеттік саясатқа (қоғамдық тәртіпке) қайшы келуі мүмкін ақпарат беру.

27-бап

Салық кезінде ұсталған салықты қайтару

1. Егер Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінде басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып саналатын тұлға алатын дивидендтерге, проценттерге, роялтиге немесе басқа табыстарға салынатын салықтар салық кезінде ұстау жолымен алынса, онда бірінші айтылған Мемлекеттің, оның ішкі заңдарында қарастырылған салық мөлшері бойынша, салық кезінде салықты ұстау құқығына осы Келісімнің ережелері әсер етпейді. Табыс көзінен ұсталған салық осы салықтың төмендетілген немесе осы Келісімге сәйкес алынбайтын кездегідей салық төлеушінің өтініші бойынша қайтарылып беріледі.

2. Салықты қайтару туралы мәлімдемелер дивидендтерден, проценттерден, роялтиден немесе басқа табыстардан салық ұсталған күнтізбек жылдан кейінгі төртінші жылдың аяғына қарай берілуі керек.

3. Табыстар пайда болатын Уағдаласушы Мемлекет басқа Уағдаласушы Мемлекеттің құзырлы органының өтініш тапсырушысынан оның резиденті туралы куәлік тапсыруды сұрауы мүмкін.

4. Құзырлы органдар өзара келісу жолымен осы Баптың ережелерін іске асыра алады және қажет болған жағдайда, осы Келісімде қаралғандай, салықты жеңілдетудің немесе салықтан босатудың басқа рәсімдерін белгілейді.

28-Бап

Келісімді арнаулы жағдайларда қолдану

1. Бұл Келісім Уағдаласушы Мемлекетке салық салудан ауытқуды немесе салық салудан құтылуды болдырмау туралы оның ішкі құқықтың ережелерін қолдануға бөгет ретінде түсінбелуі керек.

2. Егер, проценттер төленетін қарыз талабын жасаумен немесе берумен немесе роялти төленетін құқықты жасаумен немесе берумен айналысатын кез-келген тұлғаның негізгі мақсаты кәсіпкерлік қызметті іске асыруға тән экономикалық себепсіз осылай жасау немесе осылай беру жолымен 11 және 12-Баптардың артықшылықтарын алу болса, онда 11-Баптың 2-тармағындағы және 12-баптың 2-тармағындағы ережелерде ескертілген шек қоюлар қолданылмайды.

3. Егер жоғарыда келтірілген ережелер қосарланған салық салуға жетсе, онда 25-Баптың 3-тармағы бойынша қосарланған салықты қалай болдырмау туралы құзырлы органдар бір-бірімен кеңеседі.

29-Бап

Дипломатиялық өкілдіктердің және консулдық мекемелердің мүшелері

1. Осы Келісімде ешнәрсе де дипломатиялық өкілдіктердің немесе консулдық бекеттердің мүшелерінің халықаралық құқықтың жалпы нормаларына немесе арнаулы келісімдердің ережелеріне сәйкес берілген салық артықшылықтарын қозғамайды.

2. Егер халықаралық құқықтың жалпы қағидалары бойынша немесе арнаулы халықаралық келісімдердің ережелері бойынша дипломатиялық агенттерге немесе консулдық қызметкерлерге берілген салық артықшылықтарына байланысты қабылдаушы Мемлекетте табыстар немесе мүліктер салық салуға жатпаса, онда жіберуші Мемлекеттің осындай табыстары немесе мүлкі салық салуға құқығы бар.

3. 4-Баптың ережелеріне қарамастан, басқа Уағдаласушы Мемлекетте немесе үшінші мемлекетте орналасқан Уағдаласушы Мемлекеттің дипломатиялық өкілдігінің, консулдық мекемесінің немесе тұрақты миссиясының мүшесі болып табылатын жеке тұлға осы Келісімнің мақсаттары үшін жіберуші Мемлекеттің резиденті болып есептеледі, егер:

а) Халықаралық құқыққа сәйкес қабылдаушы Мемлекетте осы

Мемлекеттен тыс жатқан көздерден алынған табыстарға байланысты оған салық салуға болмаса; және

б) ол жіберуші Мемлекетте осы Мемлекеттің резиденттері сияқты оның жиынтық табысына немесе мүлкіне салық салуға қатысты міндеттемелерге тартылады.

30-Бап

Қосымша құжаттар

Қосымша хаттама осы Келісімнің құрамдас бөлігі болып табылады.

31-Бап

Күшіне енуі

1. Осы Келісім бекітілуге жатады және бекіту грамоталарымен алмасу мүмкіндігінше қысқа мерзімде жүзеге асырылады.

2. Осы Келісім бекіту грамоталары алмасылған күні күшіне енеді және:

а) 1996 жылдың 1 қаңтарында немесе 1 қаңтарынан кейін төленетін сомаға қатысты, табыс көзінен ұсталынатын салықтар жағдайында;

б) 1996 жылдың 1 қаңтарында немесе 1 қаңтарынан кейін басталатын кез-келген салықтарға қатысты кезеңдерге алынатын басқа салықтар жағдайында, Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуіне де қолданылады.

32-Бап

Қолданылу күшін тоқтату

Осы Келісім белгісіз ұзақ мерзімге күшінде қала береді, бірақ, әрбір Уағдаласушы Мемлекет Келісім күшіне енгеннен кейін 5 жылдық кезең біткеннен кейін кез-келген күнтізбелік жылдың отызыншы маусымына дейін басқа Уағдаласушы Мемлекетке дипломатиялық арналар бойынша оның қолданылу күшін тоқтату туралы жазбаша хабар бере алады және мұндай жағдайда:

а) қолданылу күшін тоқтату туралы хабар берілгеннен кейінгі күнтізбелік жылдың 1 қаңтарында немесе 1 қаңтарынан кейін төленетін сомаларға қатысты, табыс көзінен ұсталынатын салықтар жағдайында;

б) қолданылу күшін тоқтату туралы хабар берілгеннен кейінгі

күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан басталатын салық кезеңдеріне алынатын салықтарға қатысты, басқа салықтар жағдайында, осы Келісім қолданылу күшін тоқтатады.

1997 жылдың 26 қарашада Бонн қаласында әрқайсысы екі данада қазақ, неміс, орыс және ағылшын тілдерінде жасалды, сондай-ақ барлық мәтіннің де күші бірдей. Қазақша, немісше, және орысша мәтіндер әртүрлі түсінілген жағдайда, ағылшын тіліндегі мәтін айқындаушы болып табылады.

Қазақстан Республикасы Германия Федеративтік
үшін Республикасы үшін

Қазақстан Республикасы мен
Германия Федеративтік Республикасы
арасындағы 1997 ж. 26 қарашадағы
"Табыс пен мүлік салықтарына қатысты
қосарланған салықты болдырмау туралы
Келісімге"
Хаттама

Қазақстан Республикасы мен Германия Федеративтік Республикасы

.....
екі Мемлекеттің арасындағы "Табыс пен мүлік салықтарына қатысты қосарланған салықты болдырмау туралы Келісімге" қол қою кезінде Келісімнің ажырамас бөлігін құрайтын мына төмендегі ережелер туралы келісті:

1. 7-Бапқа қатысты:

а) Егер Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны тауарларды немесе бұйымдарды сатса немесе басқа Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметпен айналысса, онда осы тұрақты мекеменің пайдасы кәсіпорын алған жалпы соманың негізінде емес, осындай сату немесе кәсіпкерлік қызметке қатысты тұрақты мекеменің нақты қызметіне жататын сыйақының негізінде анықталады.

б) Егер кәсіпорынның басқа Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемесі болса, контрактар жағдайында, сонымен бірге, өнеркәсіптік, коммерциялық немесе ғылыми құрал-жабдықтарды немесе жайларды немесе қоғамдық ғимараттарды зерттеуге,

жеткізуге, құруға немесе жинақтауға қатысты мұндай тұрақты мекеменің пайдасы контрактының жалпы құнының негізінде емес, контрактының тұрақты мекеме өзі орналасқан Мемлекетте нақты іске асыратын бөлігінің негізінде анықталады. Осы тұрақты мекемеге жіберілген тауарлардан алынған пайдаға немесе кәсіпорнының бас офисі орналасқан Уағдаласушы Мемлекетте контрактының іске асқан бөлігіне байланысты пайдаға тек осы Мемлекетте ғана салық салынады.

с) көрсетілген техникалық қызметтер үшін, ғылыми, геологиялық немесе техникалық сипаттағы зерттеулер мен ізденістерді немесе инжинирингтік контракттарды қоса, оларға байланысты сызбаларды немесе көрсетілген кеңес беру немесе бақылау қызметтері үшін өтемақы ретінде алынған төлемдер осы Келісімнің 7 бабының немесе 14 бабының ережелері қолданылатын төлемдер болып саналады.

2. 12-Бапқа қатысты:

12-Баптың 2-тармағының ережелеріне қарамастан, роялтидің нақты иесіне 12-Баптың 3-тармағында айтылған өнеркәсіптік, коммерциялық немесе ғылыми құрал-жабдықты пайдаланғаны үшін немесе пайдалану құқығы үшін осындай роялти төленетін құқық немесе меншік осы Мемлекеттегі тұрақты мекемемен немесе тұрақты базамен нақты байланыста болса, салық салуды таңдап алуына болады. Мұндай жағдайда, 7-Баптың немесе 14-Баптың ережелері, жағдайларға байланысты, осындай құқыққа немесе меншікке жататын түсімдерді және шегерулерді (амортизацияны қоса) анықтауға қолданылады.

3. 26-Бапқа қатысты:

Осы Келісім бойынша және ішкі құқықтық ережелерге сәйкес жеке тұлғаның дербес хабарымен айыртас болған жағдайда, сәйкес Уағдаласушы Мемлекетке ыңғайлы құқылық ережелерді ескере отырып, келесі қосымша ережелер қолданылады:

а) Мұндай хабарды қабылдаушы Мемлекет оны тек келісілген мақсат үшін пайдалана алады және осындай хабарды берген Мемлекеттің шарттарын орындауы керек.

б) Хабарды алушы Мемлекет берілген хабардың қалай пайдаланылғанын және қандай нәтижелер болғанын хабарды беретін Мемлекетке хабарлайды.

с) Дербес хабар тек сәйкес агенттіктерге ғана беріледі. Хабардың басқа агенттікке кез-келген келесі берілуі мұндай хабарды берген Мемлекеттің алдын ала келісуімен ғана іске асады.

д) Хабардың дәл болуын және оның қажеттілігін және оның берілу мақсатына жеткіліктігін хабарды беруші Мемлекет қамтамасыз етуге міндетті. Ішкі заң бойынша хабарды бергізбейтін кез-келген тыйым сақталады. Егер хабардың қате екендігі немесе берілуге жатпайтын хабардың берілгені белгілі болса, онда бұл туралы хабарды алушы Мемлекетке дереу хабарланады. Мұндай хабарды осы Мемлекет не түзеуге, не құртуға міндетті.

е) Өзі туралы берілген хабарды және бұл хабардың қалай пайдаланатыны туралы

сұраған жеке хабарды ашпауға деген қоғамдық мүдде мұндай хабарды ашуға мүдделі жеке тұлғаның мүддесінен үстем болса, онда Уағдаласушы Мемлекет оны басқа Уағдаласушы Мемлекетке беруге міндетті емес. Басқа жағдайлардың бәрінде, жеке тұлғаның өзіне қатысты хабардың бар екенін білу құқығы суверенді территориясында хабар алуға арыз берілген Уағдаласушы Мемлекеттің ішкі заңдарымен реттеледі.

f) Осы Келісім бойынша хабар алысуды берудің нәтижесінде заңсыз зиян шеккен кез-келген тұлғаға қатысты хабар алушы Мемлекет, өзінің ішкі заңдарына сәйкес, жауапкершілікте болады. Хабар алушы Мемлекет зиян шеккен тұлғаға қатысты зиянды шектірген хабар беруші Мемлекет деп дәлел қыла алмайды.

g) Егер хабарды беруші Мемлекеттің ішкі заңдарында жеке хабарды беруді жою туралы қаралған болса, онда осы Мемлекет ол туралы хабарды алушы Мемлекетке хабарлайды.

h) Уағдаласушы Мемлекет жеке хабар берудің және алудың ресми тіркеуін жүргізуге міндетті.

i) Хабарды алушы және беруші Мемлекеттер жеке хабарды оған рұқсатсыз жіберуден, оны заңсыз өзгертуден және рұқсат ашудан қорғайтын тиімді шаралар қабылдауға міндетті.

4. 27-Бапқа қатысты:

10-Баптың 2-тармағы, 11-Баптың 2 және 3-тармақтары, 12-Баптың 2-тармағы бойынша дивидендтер, проценттер және роялти төлемдеріне салық шектелген ставкалармен салынатын немесе салық көз болып саналатын Мемлекетте салынбаған жағдайда, төлеушінің салықты салық көзінде төлемей, жоғарыда аталған салық төлемдеріне сәйкес Бапта қарастырылған ставкалармен ғана табыс көзінде жүргізуіне әрбір Уағдаласушы Мемлекет рәсімдер қарастырады.

5. 28-Бапқа қатысты:

Осы Келісім Сыртқы салық туралы Заңның төртінші бөліміне сәйкес Германия Федеративтік Республикасының резидентінің табыс баптарына қосылатын сомадан Германия Федеративтік Республикасының салық алуына бөгет ретінде түсіндірілмеуі керек.

6. 31-Бапқа қатысты:

Егер бекіту грамоталарымен алмасу 1998 жылдың 31 желтоқсанына дейін жүргізілмесе:

a) Келісім күшіне енген күнтізбелік жылдың 1-қаңтарында немесе 1-қаңтардан кейін төленетін сомаға қатысты, табыс көзінен ұсталатын салықтар жағдайында;

b) Келісім күшіне енген күнтізбелік жылдың 1-қаңтарынан басталатын салық кезеңдеріне алынатын басқа салықтарға қатысты жағдайда, Келісім

Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінде де қолданыла бастайды.

Мамандар:

Қасымбеков Б.

Нарбаев Е.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК